

**ЕҚЫК-нің АДАМИ ӨЛШЕМІ ЖӨНІНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
МӘСКЕУ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЖАТЫ**

**Мәскеу, 1991**

## **ЕҚЫК-нің АДАМИ ӨЛШЕМІ ЖӨНІНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МӘСКЕУ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЖАТЫ**

Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңеске (ЕҚЫК) қатысушы мемлекеттер - Австрияның, Албанияның, Бельгияның, Болгарияның, Венгрияның, Германияның, Грецияның, Данияның, Ирландияның, Исландияның, Испанияның, Италияның, Канаданың, Кипрдің, Латвияның, Литваның, Лихтенштейннің, Люксембургтың, Мальтаның, Монаконың, Нидерландияның – Еуропалық Қоғамдастықтың, Норвегияның, Польшаның, Португалияның, Румынияның, Сан-Мариноның, Қасиетті Тақтың, Біріккен Корольдіктің, Америка Құрама Штаттарының, КСРО-ның, Түркияның, Финляндияның, Францияның, Чехияның және Словакия Федеративті Республикасының, Швейцарияның, Швецияның, Эстонияның және Югославияның өкілдері Мәскеуде 1991 жылғы 10 қыркүйек - 4 қазаны кезеңінде ЕҚЫК Вена кездесуінің Қорытынды құжатында мазмұндалатын ЕҚЫК –нің адами өлшемі жөніндегі конференцияға қатысты ережелерге сәйкес Кеңес өткізді.

Олар Латвия, Литва және Эстонияның қатысушы мемлекеттер ретінде қабылданғанын қолдады, ол туралы шешім, 1991 жылғы 10 қыркүйекте Мәскеуде Германия Федеративті Республикасының Сыртқы істер федералды министрінің, ЕҚЫК Кеңесі Төрағасының шақыруымен қатысушы мемлекеттер өкілдерінің министрлері деңгейінде өткен қосымша кездесуде Мәскеу кеңесінің ашылуына дейін қабылданды.

Конференцияның бірінші Кеңесі 1989 жылғы 30 мамыр - 23 маусым кезеңінде Парижде өткізілді. Екінші Кеңес Копенгагенде 1990 жылғы 5 – 29 маусым кезеңінде өткізілді.

Мәскеудегі кеңесті КСРО Сыртқы істер министрі ашты. Қабылдаушы мемлекет атынан КСРО Президенті құттықтап, сөз сөйледі.

Кіріспе мәлімдемелерді қатысушы мемлекеттердің делегаттары, соның ішінде министрлері, министрлердің орынбасарлары және Еуропа Қоғамдастығы Комиссиясының вице- президенті жасады. Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы Кеңеске өз үлесін қосты.

Қатысушы мемлекеттер Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесінің Қорытынды актісіндегі барлық принциптер мен ережелерді, жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясын, адами өлшемге жататын ЕҚЫК-тың басқа да құжаттарын, атап айтқанда, ЕҚЫК-нің адами өлшемі жөніндегі конференциясы Копенгаген кеңесінің Құжатын қоса алғанда, толық жүзеге асыруға өздерінің адалдықтарын тағы да мәлімдейді және осы ережелерді жүзеге асыруда бұдан да үлкен прогреске қол жеткізу үшін табандылықпен іс-қимыл жасайды, себебі адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық

құрметтеу және плюралистiк демократия мен заң үстемдiгiне негiзделген қоғамның дамуы Еуропада баянды бейбiтшiлiкке, қауiпсiздiкке, әдiлеттiлiкке және ынтымақтастыққа тұрлаулы жағдай жасау үшiн қажеттi шарт болып табылады.

Осы тұрғыда қатысушы мемлекеттер Еуропадағы қауiпсiздiк пен ынтымақтастық Кеңесiнiң Қорытынды актiсiне және жаңа Еуропаға арналған Париж Хартиясына сәйкес, мемлекеттердiң аумақтық тұтастығына қатысты нормаларды қоса алғанда, халықтардың тең құқығы және олардың өзiн өзi билеу құқығы Бiрiккен Ұлттар Ұйымының жарғысына және халықаралық құқықтың тиiстi нормаларына сәйкес құрметтелуi тиiс екенiн атап көрсеттi.

Мәскеу кеңесiнде қатысушы мемлекеттер адами өлшем саласындағы мiндеттемелердi орындау мәселесi бойынша өз пiкiрлерiн бiлдiрдi. Олар Копенгаген кеңесiнен кейiн ЕҚЫК құжаттарының тиiстi ережелерiнде мазмұндалатын мiндеттемелердi орындауда жағдайдың одан әрi елеулi түрде жақсарғаны байқалатынын айтты. Сондай-ақ, олар қол жеткiзiлген елеулi прогресске қарамастан, ЕҚЫК ережелерiнiң принциптерi үшiн бұрынғысынша елеулi қауiптердiң әлi де бар екенiн және оларды бұзушылық орын алып отырғанын атап өттi, мұның өзi Еуропадағы жалпы ахуалды парасаттылықпен бағалауға мәжбүр етедi. Атап айтқанда, олар ұлттық, этникалық және дiни белгiлерi бойынша жеке тұлғаға немесе топтарға қарсы кемсiтушiлiк, жаулық және зорлық актiлерiне байланысты өкiнiштерiн бiлдiрдi. Осыған байланысты қатысушы мемлекеттер адами өлшемге қатысты өз мiндеттемелерiн толық жүзеге асыру үшiн бұрынғысынша қалғымайтын күш-жiгер қажет және оған орын алған терең саяси өзгерiстер елеулi түрде жәрдемдесуi тиiс деген пiкiрлерiн бiлдiрдi.

Қатысушы-мемлекеттер адам құқықтары, негiзгi бостандықтар, демократия мен заң үстемдiгi мәселелерiнiң халықаралық сипаты бар екенiн атап көрсетедi, өйткенi осы құқықтар мен бостандықтарды сақтау халықаралық тәртiп негiздерiнiң бiрi болып табылады. Олар, ЕҚЫК-нiң адами өлшеми саласында өздерi қабылдаған мiндеттемелер барлық қатысушы мемлекеттер үшiн тiкелей және заңды мүдденi бiлдiретiн мәселелер болып табылатынын және тиiстi мемлекеттiң бiрыңғай iшкi iстерiнiң санатына ғана жатпайтынын үзiлдi-кесiлдi және түпкiлiктi мәлiмдейдi. Олар адами өлшем саласындағы барлық өздерiнiң мiндеттемелерiн орындауға және осыған байланысты кез-келген мәселелердi өзара құрмет тұту және ынтымақтастық негiзiнде, жеке-дара немесе бiрлесiп, бейбiт құралдармен шешуге бекем бел байлағанын мәлiмдейдi. Осы тұрғыда олар жеке адамдардың, топтардың, ұйымдардың және мекемелердiң белсендi түрде қатысуы – осы бағытта тұрақты түрде iлгерiлеудi қамтамасыз ету үшiн айрықша маңызды екенiн таниды.

Қатысушы-мемлекеттер бұдан әрі де Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғауға және өз аумақтарында демократиялық жетістіктерді нығайтуға ұжым ретінде бекем бел буғандығын білдіреді. Сондай-ақ олар Еуропада орын алған терең қайта құрулармен сипатталатын қазіргі уақытта олардың аумақтарында туындайтын адам құқықтарының мәселелерін қарау кезінде ЕҚЫК тиімділігін арттырудың табанды қажеттілігін мойындайды.

Веналық Қорытынды құжаттың бөлігінде баяндалған адами өлшемнің тетіктерін нығайту және кеңейту, сондай-ақ ЕҚЫК-нің адами өлшемі жөніндегі конференцияның Копенгагендік кеңесі Құжатында баяндалатын міндеттемелерді дамыту мен тереңдету мақсатында қатысушы мемлекеттер төмендегілерді қабылдайды:

## I

- (1) Қатысушы-мемлекеттер веналық Қорытынды құжаттың бөлігіндегі ЕҚЫК-нің адами өлшеміне арналған, 1-4-тармақтарда баяндалған, адами өлшем тетіктері – диалог және ынтымақтастық арқылы адам құқығына, негізгі бостандықтарға, демократия мен заң үстемдігіне үлкен құрмет көрсетуді қамтамасыз етудің құралы ретінде өз құндылығын дәлелдегенін, сондай-ақ осы салаға жататын нақты мәселелерді шешуге қолғабыс ету ЕҚЫК процесінің маңызды жетістігі болып табылатынын атап көрсетеді. Адами өлшем саласындағы ЕҚЫК міндеттемелерінің орындалуын одан әрі жақсарту мақсатында олар осы тетіктің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, төмендегі тармақтарда баяндалғанындай оны нығайту мен кеңейтуге қаулы етті.
- (2) Қатысушы мемлекеттер Копенгаген кеңесі Құжатының 42.1 және 42.2-тармақтарына өзгерістер енгізеді, бұл ретте, мүмкіндігінше қысқа мерзімде, алайда он күннен кешіктірместен адами өлшем тетігінің 1-тармағына сәйкес басқа да қатысушы мемлекеттерден келіп түскен жазбаша түрдегі ақпарат пен ұсыныстар туралы сұрау салуларға жазбаша түрде жауап беретін болады. Адами өлшем тетігінің 2-тармағында айтылатын екіжақты кездесулер, мүмкіндігінше, ең қысқа мерзімде, әдетте, сұрау салу алынғаннан кейін бір аптаның ішінде өткізіледі.
- (3) ЕҚЫК институтында\* әрбір қатысушы- мемлекеттен үш сарапшыға дейін қамтитын үміткерлердің тізімі кедергісіз жасалатын болады. Сарапшылар ретінде адами өлшем саласында мүмкіндігінше тәжірибесі бар, өз қызметтерін алаламай орындайтын белгілі мамандар қатысуы қажет.

Сарапшылар тағайындаушы мемлекеттің қарауы бойынша үш жылдан алты жылға дейін тағайындалады, бұл ретте бірде бір сарапшы өз қызметін қатарынан екі мерзімнен артық орындай алмайды. ЕҚЫК институтының тағайындау туралы хабарламасынан кейін төрт аптаның ішінде кез келген қатысушы мемлекет басқа да қатысушы мемлекеттің тағайындауы тиіс сарапшылардың екеуі туралы ғана өз ескертпелерін білдіре алады. Мұндай жағдайда тағайындаушы мемлекет осы ескертпелер туралы хабар түскеннен бастап төрт аптаның ішінде өз шешімін қайта қарап, басқа сарапшыны немесе сарапшыларды тағайындай алады; егер ол басында жоспарланған тағайындауды растаса, онда тиісті сарапшы ескертпе білдірген мемлекеттің қандай да бір рәсімдеріне, осы мемлекеттің тікелей келісімінсіз, қатыса алмайды.

Үміткерлердің тізімін пайдалану 45 сарапшыны тағайындағаннан кейін басталады.

- (4) Қатысушы-мемлекет ЕҚЫК-нің адами өлшеміне қатысты мәселелерді өзінің аумағында қарау немесе оның шешілуіне қолғабыс ету үшін құрамында үш сарапшыға дейін болатын ЕҚЫК миссиясының көмегін пайдалана алады. Мұндай жағдайда мемлекет үміткерлер тізімінен тиісті тұлғаны немесе тұлғаларды таңдайды. Сарапшылар миссиясына осы қатысушы мемлекеттің өз азаматтары немесе резиденттері, сондай-ақ ол үміткерлер тізіміне ұсынған кез келген тұлғалар немесе кез келген нақты бір мемлекеттің бір азаматынан немесе бір резидентінен артығы қосыла алмайды.

Шақырушы мемлекет ЕҚЫК институтына сарапшылар миссиясы құрылғаны туралы кедергісіз хабарлайды, ол өз кезегінде барлық қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. ЕҚЫК институттары, сондай-ақ қажетті жағдайда, осындай миссияға тиісті қолдау көрсетеді.

- (5) Сарапшылар миссиясының мақсаты ЕҚЫК-нің адами өлшеміне қатысты нақты мәселені немесе проблеманы шешуге жәрдем көрсету болып табылады. Мұндай миссия өзінің міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты жинай алады және тиісті жағдайларда мүдделі тараптар арасындағы диалог пен ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін ізгі және делдалдық қызметтерді пайдалана алады.

\*Мұндай институтқа қатысты шешімді Кеңес қабылдайтын болады

ЕҚЫК міндеттемелерінің сақталуына қолғабыс жасаудың жолдары мен амалдарын ұсыну мақсатында тиісті мемлекет - миссиямен оның өкілеттіктерін нақты келіседі, және осындай жолмен сарапшылар миссиясына кез келген қосымша функцияларды, атап айтқанда, фактілерді анықтау мен консультативтік қызмет көрсетуді жүктей алады.

- (6) Шақырушы мемлекет сарапшылар миссиясымен толыққанды ынтымақтасады және оның жұмысын жеңілдетеді. Ол миссияның өз функцияларын тәуелсіз түрде жүзеге асыруы үшін барлық қажетті жағдайды жасайды. Ол, атап айтқанда, миссияға өз міндеттерін орындауы үшін кедергісіз өз аумағына келуіне, онда талқылау өткізуге және онда еркін жүріп-тұруға, өзі ақпарат алғысы келетін лауазымды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен және кез келген топтармен немесе тұлғалармен кедергісіз кездесуге мүмкіндік жасайды. Миссия, сондай-ақ, өзі қарайтын мәселелер бойынша кез келген тұлғадан, топтан немесе ұйымнан ақпаратты құпия түрде ала алады. Мұндай миссияның мүшелері өз міндетінің құпиялық сипатын сақтайды.

Қатысушы мемлекеттер сарапшылар миссиясымен қарым-қатынас жасағаны үшін немесе ол берген кез келген ашық ақпарат үшін тұлғаларға, ұйымдар немесе институттарға қарсы кез келген әрекеттерден тартынады. Егер миссия өз жұмысын жеңілдету немесе өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті деп тапса, шақырушы мемлекет осы мемлекеттің лауазымды тұлғаларының бірге жүруіне қатысты сарапшылар миссиясының кез келген өтінішін орындайды.

- (7) Сарапшылар миссиясы мүмкіндігінше жеделдетіп, дұрысы миссия құрылғаннан кейін үш апта ішінде өз ойларын, шақырушы мемлекетке ұсынады. Шақырушы мемлекет миссияның ойларын, осы мәселе бойынша өзі қабылдаған немесе қабылдауға ниеттеніп отырған кез келген шараны мазмұндаумен қатар, миссия ойларын ұсынғаннан кейін үш аптадан кешіктірместен басқа қатысушы мемлекеттерге ЕҚЫК институты арқылы жолдайды.

Осындай ойлар мен шақырушы мемлекеттің ескертпелерін Аға лауазымды тұлғалар комитеті талқылай алады, аталған комитет кез-келген ықтимал кейінгі шаралар туралы мәселені де қарай алады.

Ойлар мен ескертпелердің құпиялық сипаты олар аға лауазымды тұлғаларға мәлім болғанға дейін сақталады. Ойлар мен кез келген ескертпелер таратылғанша, осы мәселе бойынша басқа сарапшылар миссиясы тағайындала алмайды.

- (8) Бұдан басқа, адами өлшем тетігінің 1 немесе 2-тармақтарын жүзеге асырған бір немесе бірнеше қатысушы мемлекет, басқа қатысушы мемлекеттің ЕҚЫК адами өлшеміне жататын нақты белгіленген белгілі бір мәселені өз аумағында қарау үшін сарапшылар миссиясын шақыруға келісетінін білу үшін ЕҚЫК институтынан сұрата алады. Егер басқа қатысушы мемлекет көрсетілген мақсат үшін сарапшылар миссиясын шақыруға келіскен болса, онда 4-7-тармақтарда баяндалған рәсім қолданылады.

- (9) Егер қандай да бір қатысушы мемлекет (а) 8-тармаққа сәйкес басқа қатысушы мемлекетке сұраныс жіберген болса және сол мемлекет сұраныс түскеннен кейін он күн ішінде сарапшылар миссиясын құрмаған болса немесе (b) қаралатын мәселе сарапшылар миссиясының жіберілуі нәтижесінде шешілмеді деп санаса, ол бестен кем емес басқа да қатысушы мемлекеттердің қолдауымен құрамында үшке дейін ЕҚЫК баяндамашыларынан тұратын миссияны құруды бастай алады. Мұндай шешім ЕҚЫК институтына жолданады, өз кезегінде ол тиісті мемлекетті, сондай-ақ, барлық басқа да қатысушы мемлекеттерді кідіріссіз хабарландырады.
- (10) Сұраныс жіберген мемлекет немесе мемлекеттер ЕҚЫК баяндамашысының функцияларын орындау үшін үміткерлер тізімінен бір адамды тағайындай алады. Сұраныс жіберілген мемлекет, егер ол баяндамашыны тағайындау туралы ЕҚЫК институтының хабарламасынан кейін алты күннің ішінде осындай шешім қабылдаса, үміткерлер тізімінен тағы бір баяндамашыны тағайындай алады. Мұндай жағдайда тиісті мемлекеттердің кез келгенінің азаматы немесе резиденті, сондай-ақ осы мемлекеттер үміткерлер тізіміне ұсынған адамдар болмаса, тағайындалған екі баяндамашы, ортақ келісім бойынша үміткерлер тізімінен үшінші баяндамашыны тағайындайды. Егер сегіз күннің ішінде олар келісімге келмесе, тиісті мемлекеттердің кез келгенінің азаматы немесе резиденті, не олар үміткерлер тізіміне ұсынған адам болмаса, үшінші баяндамашыны Кеңес тағайындаған ЕҚЫК органының жоғары лауазымды тұлғасы, үміткерлер тізімінен тағайындайды. 4-тармақтың екінші бөлімінің ережелері және 6-тармақ толығымен баяндамашылар миссиясына да қолданылады.
- (11) ЕҚЫК баяндамашысы(лары) фактілерді анықтайды, солардың негізінде баяндама дайындайды және көтерілген мәселенің мүмкін болатын шешімдеріне байланысты ұсыныстар бере алады. Мазмұнында фактілер, ұсыныстар мен кеңестер бар баяндамашының (лардың) баяндамасы тиісті қатысушы мемлекетке немесе тиісті қатысушы мемлекеттерге және, егер барлық тиісті мемлекеттер өзгеше уағдаласпаса, соңғы баяндамашыны тағайындағаннан кейін үш аптадан кешіктірместен, ЕҚЫК институтына ұсынылады. Сұрау салынған мемлекет, егер барлық тиісті мемлекеттер өзгеше уағдаласпаса, баяндама тапсырылғаннан кейін үш аптадан кешіктірместен баяндама бойынша кез келген ойларын ЕҚЫК институтына ұсынады.

ЕҚЫК институты баяндаманы, сондай-ақ сұрау салынған немесе кез келген басқа да қатысушы мемлекеттің кез келген ойларын барлық қатысушы мемлекеттерге кідіріссіз жібереді. Баяндама туралы мәселе кез келген болуы мүмкін кейінгі іс-әрекеттер туралы шешім қабылдай

алатын Аға лауазымды тұлғалар комитетінің келесі кезекті отырысының күн тәртібіне енгізілуі мүмкін. Баяндаманың құпия сипаты Комитеттің осы отырысының аяқталуына дейін сақталынады. Баяндама таратылғанша, осы мәселе бойынша басқа баяндамашылардың тағайындалуына жол берілмейді.

- (12) Егер қандай да бір қатысушы мемлекет, басқа қатысушы мемлекетте ЕҚЫК адами өлшеміне қатысты ережелердің орындалуы ерекше елеулі қиыншылықта деп есептесе, ол тоғыздан кем емес басқа қатысушы мемлекеттердің қолдауымен 10-тармақта белгіленген рәсімді пайдалана алады. Мұндай жағдайда 11-тармақтың ережелері қолданылады.
- (13) Кез келген қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша Аға лауазымды тұлғалар комитеті ЕҚЫК сарапшыларының немесе баяндамашыларының миссиясын құруға қаулы етуі мүмкін. Бұл жағдайда Комитет, сондай-ақ, алдыңғы тармақтардың тиісті ережелерінің қолданылуын анықтайды.
- (14) Сарапшылардың немесе баяндамашылардың миссиясын құру туралы өтінішін ұсынған қатысушы мемлекет немесе қатысушы мемлекеттер осы миссияның шығыстарын төлейді. Аға лауазымды тұлғалар комитетінің шешімін орындау үшін сарапшылар немесе баяндамашылар тағайындалған жағдайда шығыстарды қатысушы мемлекеттер шығыстарды бөлудің әдеттегі шәкіліне сәйкес төлейді. Бұл рәсімдерді шолу ЕҚЫК-тың одан арғы қадамдары шеңберінде Хельсинки кездесуінде жасалынатын болады.
- (15) Жоғарыда мазмұндалғанның ешқайсысы қатысушы мемлекеттердің ЕҚЫК-тың кез келген міндеттемелерін, соның ішінде ЕҚЫК-нің адами өлшеміне жататын кез келген міндеттемелерін орындауға қатысты кез келген мәселені ЕҚЫК процесінің шеңберінде көтеру құқығына ықпал етпейді.
- (16) 9 және 10 немесе 12-тармақтарда мазмұндалған рәсімдерді қандай да бір тұлғаға қатысты қолдану туралы мәселені қарау кезінде, қатысушы мемлекеттер осы тұлғаның ісі қандай да бір халықаралық соттық рәсім шеңберінде қарастырылып жатпағанын тиісті түрде анықтауы қажет.

---

Аға лауазымды тұлғалар комитетінің қызметіне жасалған кез келген сілтемелер осы құжатта осы Комитеттің және Кеңестің шешімімен бекітілуі тиіс.



## II

### (17) Қатысушы мемлекеттер

(17.1)– еркін және әділ сайлау барысында білдірілген халық еркіне қарамастан және заңды түрде белгіленген конституциялық құрылысты бұза отырып, кез келген қатысушы мемлекеттегі өкілетті үкіметтен билікті тартып алуға ұмтылатын күштерді сөзсіз айыптайды;

(17.2)– қандай да бір қатысушы мемлекеттің демократиялық түрде сайланған заңды үкіметін демократиялық емес әрекеттер арқылы құлатқан немесе құлатуға әрекеттенген жағдайда, осы негізге алынатын құндылықтарды шектеуге жасалынған кез келген әрекеттерге қарсы тұрудың ортақ міндеттемелерін тани отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес, осы мемлекеттің адам құқығын, демократия мен заң үстемдігін қорғайтын заңды органдарын табанды түрде қолдайтын болады.

(17.3)– демократиялық прогресске қайтымсыз сипат беру және Қорытынды актінің, веналық Қорытынды құжаттың, Копенгаген кеңесі құжатының, жаңа Еуропа үшін Париж хартиясының және осы құжаттың принциптері мен ережелерінде баяндалған стандарттардан қандай да бір шегінулерге жол бермеу мақсатында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәнмәтінінде адам құқығына, демократия мен заң үстемдігіне қатысты, жеке-дара немесе бірлесіп, алдағы уақытта күш-жігер жұмсаудың қажеттілігін таниды.

(18) Қатысушы мемлекеттер Копенгаген кеңесінің Құжатында баяндалған заң үстемдігіне адалдықтары туралы еске салады және құқықтық мемлекеттің негізін қалайтын әділеттілік принциптерін қолдауға және дамытуға ұмтылатынын растайды. Атап айтқанда, олар демократия құқықтық мемлекеттің ажырамас элементі болып табылатынын және плюрализмнің саяси ұйымдардың қызметі үшін үлкен маңызы бар екенін тағы да растайды.

(18.1) Заңнама халық еркі тікелей немесе сайланған өкілдері арқылы білдірілетін ашық процесс нәтижесінде әзірленеді және қабылданады.

(18.2) Негізгі құқықтарға құрмет көрсетудің кепілдендірілуі және құқықтық жүйеге зиян келтірмеуді қамтамасыз ету үшін әрбір адам әкімшілік шешімдерден құқықтық қорғанудың тиімді құралдарына ие болады.

(18.3) Осы мақсатта әкімшілік ережелердің қолданысы нәтижесінде зиян шеккен адамдар үшін құқықтық қорғаудың тиімді құралдары алдын ала көзделетін болады.

(18.4) Қатысушы-мемлекеттер мұндай ережелер мен шешімдерге соттық бақылауды қамтамасыз етуге тырысады.

(19) Қатысушы мемлекеттер

(19.1) – судьялар мен іс басындағы заңгерлердің тәуелсіздігіне және атап айтқанда Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні қоса алғанда, мемлекеттік сот қызметінің әділ жұмыс жасауына қатысты халықаралық түрде мойындалған нормаларды сақтайтын болады.

(19.2) – соттық жүйе тәуелсіздігінің Негізгі принциптеріне айрықша назар аудара отырып, тиісті нормалар мен міндеттемелерді жүзеге асыруда сот органдары тәуелсіздігінің кепілдендірілуін және ел конституциясында немесе заңнамасында бекітілуін, сондай-ақ іс жүзінде сақталуын қамтамасыз етеді. Негізгі принциптер, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

- (i) судьяларға заңсыз ықпал етуге тыйым салу;
- (ii) заңға сәйкес судьялар шығарған үкімдердің қатандығын азайтуға немесе оларды жұмсартуға арналған құзыретті билік органдарының құқықтарын есептемегенде, әкімшілік органдардың сот шешімдерін қайта қарауына жол бермеу;
- (iii) сөз бостандығы мен сот органдары қызметкерлерінің қауымдастығын қорғау, бұл жерде өз функцияларын жүзеге асырумен сыйысатын шектеулер ескеріледі;
- (iv) судьяларда тиісті біліктілік пен дайындық болуын және олардың кемсітушіліксіз негізде сайлануын қамтамасыз ету;
- (v) қолдануға мүмкіндік бар жерде қызметтің өзгертілмеуінің кепілдігі мен тиісті жағдайын, соның ішінде судьялардың қызмет бойынша өсуі мәселелерін қамтамасыз ету;
- (vi) қол сұғылмаушылық шартын сақтау;

(vii) судьялардың тәртіптік жазалануы, қызметтен уақытша шеттелуі мен босатылуы заңға сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

(20) Сот органдарының тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін қатысушы мемлекеттер:

(20.1)– судьялар мен адвокаттардың ұлттық және халықаралық қауымдастықтары өз мүшелерінің тәуелсіздігіне үлкен құрмет көрсетуді қамтамасыз ету ісінде, сондай-ақ қоғамдағы сот органдары мен заңгерлердің рөлі мәселелерінде білім беру мен кәсіптік дайындықтың маңызды рөлін танитын болады;

(20.2)– сот органдарының тәуелсіздігін құрметтеуді және адвокаттарды қорғауды қамтамасыз етуге мүдделі ұлттық қауымдастықтар мен басқа да топтар арасында диалогқа, алмасу мен ынтымақтастыққа жәрдемдеседі және мүмкіндік туғызатын болады;

(20.3) – судьялар мен іс басындағы заңгерлердің тәуелсіздігін қорғау мәселелерінде проблемалық түйіндерді анықтау және осындай проблемаларды қарау мен оларды шешудің жолдары мен амалдарын айқындау мақсатында, атап айтқанда, диалог, байланыс және алмасу арқылы өзара ынтымақтасады;

(20.4)– судьялар мен іс басындағы заңгерлердің білім алуы және кәсіби даярлығы саласында, сондай-ақ олардың тәуелсіздігін құрмет тұтуды және мемлекеттік сот қызметінің алаламай жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған заңнаманы әзірлеу мен қабылдау саласында тұрақты негізде ынтымақтасатын болады;

(21) Қатысушы- мемлекеттер

(21.1)– құқыққорғау органдарының қызметкерлері қоғамдық тәртіпті орнату кезінде нақты қажеттіліктер мен заңды мақсаттарды ескере отырып, қоғам мүдделерінде әрекеттенуін, сондай-ақ, құқыққорғау әрекеттерінің қажеттіліктерінен аспайтын жағдайларға шамалас тәсілдер мен құралдарды пайдалануын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданатын болады;

(21.2)– құқыққорғау әрекеттері сот бақылауына жатуын, құқыққорғау органдарының қызметкерлері жоғарыда көрсетілген міндеттемелерінің бұзылуы деп бағаланған әрекеттері үшін жауапкершілік жүктелуін және осы әрекеттердің құрбандары ұлттық заңға сәйкес тиісті өтемақы талап етуін қамтамасыз ететін болады;

- (22) Қатысушы мемлекеттер оқулық пәндер мен құқыққорғау органдары қызметкерлерінің шамадан тыс күш жұмсауына тыйым салынатынына қатысты ақпарат, құқыққорғау органдарының қызметкерлерін даярлау курсына енгізілуін сондай-ақ тиісті халықаралық және ұлттық тәртіп кодекстерінің кіргізілуін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдайды.
- (23) Қатысушы мемлекеттер бас бостандығынан айырылған барлық адамдарға адамгершілікпен және адам тұлғасына тән ар-намысын құрметтеумен қарайтын болады, және сот әділдігі мен ұсталғандардың адам құқықтарына қатысты халықаралық тұрғыдан танылған стандарттарды сақтайтын болады.

(23.1) Қатысушы мемлекеттер:

- (i) тұлғаны бас бостандығынан айыру тек қана заңмен белгіленген негіздерге және рәсімдерге сәйкес болуын;
- (ii) қамауға алынған кез келген адам оны қамаудың себебі және оған қарсы кез келген айыптаулар туралы ол түсінетін тілде кідіріссіз хабардар болуын;
- (iii) кез келген бас бостандығынан айырылған адам ұлттық заңнамаға сәйкес оның құқықтары туралы кедергісіз хабардар болуын;
- (iv) кез келген қамауға алынған немесе ұсталған адам судьяның немесе оны қамауға алудың немесе ұсталудың заңдылығын анықтайтын басқа да лауазымды тұлғаның алдына кідіріссіз келуін және заңсыз құрықталған жағдайда оның кідірілмей босатылуын;
- (v) қылмыстық іс жасады деп айыпталған кез келген адам өзі дербес түрде немесе өзі таңдаған адвокаттың көмегімен қорғануға құқылы болуын немесе, егер, осы адамның, адвокаттың қызметін төлеу үшін жеткілікті қаражаты болмаса, онда әділдік мүдделері талап ететіндей, осындай қызметтің тегін көрсетілуін;
- (vi) кез келген қамауға алынған немесе ұсталған адам негізсіз кідіртпей өзінің қалауымен тиісті адамдарды өзі немесе оның өтінішімен құзыретті органдар оның қамауға алынғаны, ұсталғаны, түрмеге отырғызылғаны және тұрғылықты жері (орны) туралы хабардар етуін сұрауға құқылы болуын; бұл құқықты жүзеге асырудағы кез келген шектеулер заңмен белгіленетінін және халықаралық стандарттарға сәйкес болуын;

- (vii) егер ол әлі істелмеген болса, абақтыда болуды немесе қамауға алынуды құқыққорғау органдары адамды өз кінәсін мойындатуға, өзіне өзі жала жабуына немесе екінші адамға қарсы айғақтар беруге пайдаланбауын қамтамасыз ету үшін тиімді шаралар қабылдауын;
- (viii) кез келген тергеудің ұзақтығы және тергеулер арасындағы үзілістер хаттамаға енгізілуін және ұлттық құқыққа сәйкес куәләндырылуын;
- (ix) ұсталған адам немесе оның адвокаты, атап айтқанда, азаптау немесе басқа да қатыгез, адам табиғатына жат немесе ар-ожданын кемсітушілікке байланысты жағдайларды айтып, абақтыда ұстау орнын басқару үшін жауапты органдарға және жоғары тұрған инстанцияларға, ал қажетті жағдайда - қадағалау немесе жағдайды түзету жөніндегі өзге өкілдігі бар тиісті органға қолдаухат немесе шағым беруге құқылы болуын;
- (x) мұндай қолдаухат немесе шағым тез қарастырылып және негізсіз кідіртпей оларға жауап берілуін; қолдаухатты немесе шағымды қайырып тастаған кезде немесе негізсіз кідірткен жағдайда, шағымданушы сот немесе басқа органға қайрылуға құқылы болуын; ұсталған немесе қамауға алынған адам да, кез келген өзге шағымданушы да жолданған қолдаухаты немесе арызы үшін жапа шекпеуін;
- (xi) заңсыз қамауға алудың немесе ұсталудың құрбаны болған кез келген адам сот қорғауымен қамтамасыз етілген өтемақыны талап етуге құқылы болуын қамтамасыз етеді.

## (23.2) Қатысушы мемлекеттер

- (i) абақтыда немесе қамауда отырған адамдардың жағдайын жақсарту үшін қажетті шаралар қабылдауға ұмтылатын;
  - (ii) абақтыға отырғызудың балама түріне ерекше назар аударатын болады.
- (24) Қатысушы мемлекеттер жеке отбасылық өмірді, баспананы, хаттар алмасу мен электрондық хабарлардың құпиялылығын қорғау құқығын қуаттайды. Жеке адамның өміріне мемлекеттің кез келген заңсыз немесе зорлықпен араласуын болдырмау үшін, мұның кез келген демократиялық қоғамға зияны тию мүмкіндігін ескеріп, тек қана заңда қарастырылған және адам құқықтары саласында халықаралық тұрғыда танылған стандарттарға сәйкес жағдайларда ғана осы құқықты іске

асыруға шектеу қойыла алады. Атап айтқанда, қатысушы мемлекеттер адамдарды, сондай-ақ жекеменшіктегі үй-жайлар мен дүние-мүліктерді тінту және құрықтау сот қорғауымен қамтамасыз етілген нормаларға ғана сай жүргізілуін қамтамасыз етеді.

(25) Қатысушы-мемлекеттер

(25.1)– қарулы күштерінің және әскери құрылымдарының, ішкі қауіпсіздік пен барлау қызметтерінің, сондай-ақ полицияның, тиісті азаматтық билік органдарының тиімді басқаруы мен бақылауында болуын кепілдендіретін болады;

(25.2)– бұл қажет болған уақытта, қарулы күштер мен әскери құрылымдарды пайдалануға, сондай-ақ ішкі қауіпсіздік, барлау және полиция қызметтеріне атқарушы биліктің бақылауын нығайтуды қолдайтын болады;

(25.3)– заң шығарушы биліктің барлық осындай күштер, қызметтер мен әрекет түрлеріне қадағалау жасаудың тиімді тетіктерін қолдап отыру және, бұлар жасалмаған жерлерде, оларды құру үшін тиісті керекті шараларды қабылдайтын болады.

(26) Қатысушы мемлекеттер тілдесу құқығын және ақпарат құралдарының ақпаратты, жаңалықтарды және пікірлерді жинау, беру және тарату құқығын қоса алғанда, өз пікірін еркін білдіру құқығын, тағы да растайды. Осы құқықтарды жүзеге асыруға қатысты кез келген шектеулер заңда алдын ала қарастырылады және халықаралық стандарттарға сай болады. Олар, бұдан әрі тәуелсіз ақпарат құралдары еркін және ашық қоғамның, сондай-ақ өз іс-қимылына жауапты мемлекеттік жүйелердің маңызды шарттары болып табылатынын және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау ісінде ерекше рөл атқаратынын мойындайды.

(26.1) Олар, өз аумақтарында баспасөз бен телерадиотарату құралдарының жаңалықтар мен ақпарат қызметінің шетелдік көздеріне шектеусіз қол жеткізу мүмкіндіктері болуы тиіс деп санайды. Қоғам да осыған ұқсас сипатта, ақпараттар мен идеяларды мемлекеттік биліктер тарапының араласуынсыз, шекараларға қарамастан, оның ішінде шетелдік жарияланымдар мен телерадиотарату бағдарламалары арқылы ақпаратты алу мен тарату еркіндігін қолдана алады. Осы құқықты іске асырудағы кез келген, қандай болсын, шектеулер заңда белгіленеді және халықаралық стандарттарға сай болуы шарт.

(26.2) Қатысушы мемлекеттер тәуелсіз ақпарат құралдарына қатысты олардың ақпараттарға, материалдарға және техникалық құралдарға қол жеткізуіне қатысты кемсітушілікке жол бермейтін болады.

(27) Қатысушы мемлекеттер

(27.1)– мемлекеттік, әкімшілік, сауда-саттық, азаматтық құқық пен әлеуметтік қамсыздандыру құқығына қатысты және басқа да тиісті салаларда құқықтарын құрметтеуге, заң үстемдігі мен демократияға негізделген құқықтық жүйелерді, әсіресе осындай жүйелері әлі жоқ мемлекеттерде дамыту мақсатында ынтымақтастыққа ниет білдіреді;

(27.2)– осы мақсаттарда құқық пен басқару саласында екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты жалғастыруды және кеңейтуді көздейді, соның ішінде төмендегі бағыттар бойынша ынтымақтасады:

- тиімді әкімшілік жүйені құру;
- заңдар мен ережелерді әзірлеуге жәрдемдесу;
- басқару мен құқық саласында қызметкерлер құрамын даярлау;
- құқық саласында ғылыми жұмыстармен және мерзімді басылымдармен алмасып тұру.

(28) Қатысушы мемлекеттер төтенше жағдайлар кездерінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарының қорғалуын, Копенгаген кеңесі құжатының тиісті ережелерін ескеруді және өздері қатысушы тараптар болып табылатын халықаралық конвенцияларды сақтауды маңызды деп санайды.

(28.1) Қатысушы мемлекеттер, төтенше жағдайды енгізуді, осы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелеріне және ЕҚЫК шеңберіндегі оның міндеттемелеріне сәйкес келетін ерекше және елеулі жағдайларда ғана ақтауға болатынын растайды. Төтенше жағдай демократиялық конституциялық құрылысты құлатуға және халықаралық тұрғыдан танылған адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды жою бағытында пайдаланылмауы тиіс. Егер күшті қолдануды болдырмау мүмкін болмаса, осы күш ақылға сыйымды және мейлінше мүмкін болғанынша шектеулі мөлшерде қолданылуы тиіс.

- (28.2) Төтенше жағдайды тиісті өкілеттіліктер берілген заңды конституциялық орган ғана жариялай алады. Ал төтенше жағдай енгізу туралы шешімді заңды негіздерде атқарушы билік органдары қабылдаған жағдайларда, мұндай шешім заң шығарушы орган тарапынан ең қысқа мерзімде бекітілуі және бақылануы тиіс.
- (28.3) Төтенше жағдай енгізу туралы шешім ресми түрде, көпшілік алдында және заңда бекітілген ережелерге сәйкес жария етілуі тиіс. Осы шешімде, бұл мүмкін болса, төтенше жағдай қолданысының аумақтық шектері көрсетілуі тиіс. Тиісті мемлекет өз азаматтарына қабылданған шаралар туралы ақпаратты кідіріссіз жеткізіп тұруы тиіс. Төтенше жағдай мүмкін болғанынша тез арада тоқтатылуы және нақты жағдайда қажетті мөлшерден артық күшінде қалмауы тиіс.
- (28.4) Төтенше жағдайды заңда бекітілген ережелерге қайшы де-факто енгізуге немесе мерзімін ұзартуға болмайды.
- (28.5) Қатысушы мемлекеттер, төтенше жағдайдың қолданысы кезінде мейлінше мүмкін дәрежеде, заң шығарушы органдардың қалыпты жұмыс атқаруын кепілдендіруді қамтамасыз етуге ұмтылады.
- (28.6) Қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдай кезінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарға қатысты міндеттемелерінен кез келген шегінуі, халықаралық құқықта, соның ішінде өздері үшін міндетті болып табылатын тиісті халықаралық құжаттарда, әсіресе шегінуге болмайтын құқықтарға байланысты, көзделген қатаң түрдегі шеңберде қалуы тиістілігін растайды
- (28.7) Қатысушы мемлекеттер, өздері қатысушысы болып табылатын халықаралық конвенцияларға сәйкес, төтенше жағдай кезінде осындай шегіністерге бару мүмкіндігі бола тұрып, алынған міндеттемелерінен кез келген шегіністерге қатысты ұстамдылық жасауға ұмтылатын болады. Осындай міндеттемелерден шегіну шаралары осы құжаттарда бекітілген қатаң түрдегі процессуалдық талаптарға сәйкес қабылдануы тиіс. Мұндай шаралар нақты жағдайдағы айрықша қажеттілік мөлшерінен қатуландырылмайды және одан артық күшінде қала алмайды, олар өзінің сипаттары бойынша ерекше шаралар болып табылады және шектеулі түрде түсіндірілуі, сондай-ақ қолдануы тиіс. Осындай шаралар нәсілдік, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, әлеуметтік шыққан тегі немесе азшылыққа жатуы белгілері бойынша кемсітушілікке әкеліп соқпайды.
- (28.8) Қатысушы мемлекеттер, заң үстемдігін қолдау үшін қажетті құқықтық кепілдіктердің төтенше жағдай кезінде де күшінде қалуын қамтамасыз етуге ұмтылатын болады. Олар, өз заңнамасында төтенше жағдайға



қатысты қаулыларға, сондай-ақ олардың іске асырылуына бақылау орнатуды алдын ала қарастыруға ұмтылатын болады.

(28.9) Қатысушы мемлекеттер жұртшылықтың адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды сақтау туралы және төтенше жағдайды тоқтату туралы мәселені талқыға салу мүмкіндігі болуы үшін, өздерінің халықаралық міндеттері мен міндеттемелеріне сәйкес, сөз еркіндігі мен ақпарат еркіндігін қамтамыз етуге ұмтылатын болады. Олар, тек нақты жағдайда аса керек шараларды есептемегенде, журналистердің өз кәсіби қызметін заңды түрде жүзеге асыруына кедергі келтіретін қандай да бір шараларды, сөз еркіндігіне қатысты халықаралық стандарттарға сай, қабылдамайтын болады.

(28.10) Егер қатысушы мемлекетте төтенше жағдай енгізілсе немесе күшін жойса, сол мемлекет осы шешім туралы, сондай-ақ адам құқықтары саласында осы мемлекеттің халықаралық міндеттемелерінен кез келген шегінісі туралы ЕҚЫК институтына\* кідіріссіз хабарлайтын болады. Институт кідіріссіз басқа қатысушы мемлекеттерді хабарландырады.

(29) Қатысушы мемлекеттер, жекелеген азаматтардың мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне қатысты шағымдарын қарау жөнінде ұқсас қызметтер жүктелген омбудсмендер мен басқа да институттар арасындағы қатынастар мен ақпарат алмасуды дамытуға ортақ мүдделілігін тани отырып, Испанияның осы елде омбудсмендер кездесуін өткізу туралы ұсынысын қанағаттанғандықпен атап өтеді.

(30) Қатысушы мемлекеттер, қатысушы мемлекеттердегі демократиялық институттарды нығайтуға көмек көрсету үшін ЕҚЫК-тың тиісті форумдарына еркін сайлаулар жөніндегі Бюро қызметтерін кеңейтуге қатысты мәселені қарауды ұсынады.

\*Мұндай институтқа қатысты шешімді Кеңес қабылдайтын болады.

(31) Қатысушы мемлекеттер адам құқықтары саласында Еуропа Кеңесі жинақтаған кең ауқымды тәжірибе мен білімдерді таниды. Олар ЕҚЫК-ке өз тәжірибесін беруге дайын екендігін қоса алғанда, Еуропада демократияны нығайтуда оның қосқан үлесін қуаттайды.

### III

(32) Қатысушы мемлекеттер өздеріне міндеттеме алған, атап айтқанда, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды құрмет тұтуға және барлығы үшін қандай да болсын айырмашылықсыз олардың кепілдігін

камтамасыз етуге арналған хельсинкилік Қорытынды актінің, веналық Қорытынды құжаттың және ЕҚЫК-тың басқа да тиісті құжаттарының принциптері мен ережелеріне өздерінің бұлжымас адалдығын тағы да мәлімдейді.

- (33) Қатысушы мемлекеттер ЕҚЫК шеңберіндегі міндеттемелерімен және адам құқығы саласындағы халықаралық міндеттемелерімен қабысатын өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес әскери мүдде, қауіпсіздік, экология мүддесі немесе басқа заңды мемлекеттік мүдделер тұрғысынан қажет болуы мүмкін және ресми түрде жарияланатын шектеулерді есептемегенде, өздерінің және шетел азаматтарының олардың өз аумақтары шегінде жүріп-тұруына және тұрақты тұруға құқығы бар адамдардың тұрғылықты жеріне байланысты барлық құқықтық және басқа да шектеулерді жояды. Қатысушы-мемлекеттер мұндай шектеулерді барынша азайтуға міндеттенеді.
- (34) Қатысушы мемлекеттер тиісті жағдайларда қауіпті кәсіби іс-сапарда, әсіресе, қарулы қақтығыстарда жүрген журналистерді қорғау үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайтын болады және осы мақсатта ынтымақтасады. Мұндай шаралар жоғалған журналистерді іздестіруді, олардың тағдырын анықтауды, қажетті көмек көрсетуді және олардың өз отбасыларына қайтуына жәрдемдесуді қамтиды.
- (35) Қатысушы мемлекеттер шығармашылық еркіндік кепілдігі және мәдени мұраны сақтау ЕҚЫК-нің адами өлшемінің құрамдас бөлігі болып табылатынын растайды. Олар тәуелсіз зиялылық және мәдени өмір еркін қоғам мен демократиялық институттардың өмірі үшін шешуші рөл ойнайды деп есептейді. Олар мәдени мұра жөніндегі Краков симпозиумының құжатында баяндалған мәдениет саласындағы өз міндеттемелерін орындайтын болады және ЕҚЫК шеңберінде мәдениет, соның ішінде еркіндік, шығармашылық қызмет мәселелерін және осы салада ынтымақтасуды қарауды жалғастыру қажет деп пікір білдіреді.
- (36) Қатысушы мемлекеттер веналық Қорытынды құжаттағы өлім жазасы туралы мәселені қарастыру жөніндегі өздерінің міндеттемелері туралы еске салады және Копенгаген кеңесінің құжатында өлім жазасын болдырмау туралы мәселе бойынша ақпаратпен алмасу және осы жазаны қолдануға байланысты жұртшылыққа ақпарат беру баяндалатын өз міндеттемелерін растайды.

(36.1) Олар

- (i) 1991 жылдың 11 шілдесінде өлім жазасын болдырмауды мақсат тұтатын Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің екінші Факультативті хаттамасы күшіне енгенін;
  - (ii) соңғы кезде қатысушы мемлекеттердің бірқатары өлім жазасын болдырмау бағытында қадамдар жасағанын;
  - (iii) өлім жазасын болдырмау мәселесі бойынша бірқатар үкіметтік емес ұйымдардың қызметін атап өтеді.
- (37) Қатысушы мемлекеттер ЕҚЫК-тың барлық құжаттарында, атап айтқанда ЕҚЫК-нің адами өлшемі бойынша Конференциясының Копенгагендік кеңесінің құжатында және ұлттық азшылықтар мәселелері бойынша ЕҚЫК сарапшыларының Женевалық кеңесінің баяндамасында мазмұндалған, ұлттық азшылықтардың проблемаларына және олардың қатарына жататын адамдардың құқықтарына қатысты ережелер мен міндеттемелерді растайды және оларды толық әрі жеделдетіп орындауға шақырады. Олар, ЕҚЫК-нің жаңа және кеңейтілген тетіктері мен рәсімдерін қолдану, атап айтқанда, ұлттық азшылықтарға жататын адамдардың құқықтарын одан әрі қорғау мен көтермелеуге жәрдемдесетін болады деп санайды.
- (38) Қатысушы-мемлекеттер, өздерінің аумақтарында заңды түрде тұратын жұмысшы-мигранттар мен олардың отбасыларының құқықтарын құрметтеуді қамтамасыз ету және олардың ұлттық, мәдени, діни және тілдік ерекшеліктерін еркін көрсету құқығын ерекше атаудың қажеттігін таниды. Мұндай құқықтарды жүзеге асыруға тек қана заңмен бекітілген және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін шектеулер ғана қолданылуы мүмкін.
- (38.1) Олар жұмысшы мигранттарға қатысты нәсілі, терісінің түсі және этникалық шығу тегі бойынша төзімсіздік пен ксенофобияға байланысты кемсітушіліктердің барлық түрлерін айыптайды. Олар ұлттық заңнама мен халықаралық міндеттемелерге сәйкес төзімділікті, түсіністікті, мүмкіндіктер теңдігін көтермелеуге арналған тиімді шараларды қабылдайды; және, егер олар оны әлі жасамаған болса, ұлттық, нәсілдік, этникалық немесе діни кемсітуге, дұшпандық немесе жеккөрушілікке негізделген, зорлауға арандататын актілерге тыйым салу жөніндегі шараларды қабылдайды.
- (38.2) Олар жұмысшы-мигранттардың қатысушы мемлекеттердің қоғамдық өміріне қатысуына мүмкіндік беретін тиісті шараларды қабылдайды.

(38.3) Олар өздерінің аумақтарында тұратын жұмысшы-мигранттардың адами өлшемге байланысты мәселелері кез келген өзге де адами өлшемге қатысты мәселелер сияқты адами өлшем тетігі шеңберінде көтерілуі мүмкін екенін атап өтеді.

(38.4) Олар адами өлшем саласындағы келешек қызметте жұмысшы-мигранттарға қатысты барлық мәселелерді, оның ішінде тиісті мемлекеттің тілімен және қоғамдық өмірімен таныстығы туралы мәселені мақсатты талқылау жүргізу үшін тиісті шараларды қарау жөнінде ЕҚЫК-ке кеңес береді.

#### (39) Қатысушы мемлекеттер

(39.1)– гуманитарлық көмекті көрсету жөніндегі операцияларды жедел және тиімді жүргізуді қамтамасыз ету үшін өз дайындығын көтереді және толық көлемде ынтымақтасатын;

(39.2)– көмек көрсету жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында зардап шеккен аудандарға жедел және кедергісіз жетуді жеңілдету үшін барлық қажетті шараларды қолданатын;

(39.3)– көмек көрсету жөніндегі операцияларды жүзеге асыру мақсатында қажетті уағдаластықтар жасасатын болады.

(40) Қатысушы мемлекеттер ер адамдар мен әйелдер арасындағы толық және шынайы теңдік заң үстемдігіне негізделген әділетті және демократиялық қоғамның аса маңызды элементі болып табылатынын таниды. Олар қоғамның толыққанды дамуы мен оның барлық мүшелерінің игілігін жоғарылатуға ер адамдар мен әйелдердің толық және тең қатысуы үшін бірдей мүмкіндікті талап ететінін таниды. Бұл мәнмәтінде олар:

(40.1)– адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау мен көтермелеуге жататын ЕҚЫК шеңберіндегі барлық міндеттемелер толық көлемде және жыныс белгісіне байланысты қандай да бір кемсітушіліксіз қолданылуын қамтамасыз ететін болады;

(40.2)– олар оның қатысушылары болса, Әйелге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияны толығымен сақтайды, ал егер олар әлі оның қатысушысы болмаса, олар осы Конвенцияны ратификациялау немесе оған қосылу туралы мәселені қарайтын болады; осы Конвенцияны

ратификациялаған немесе оған ескертпелерімен қосылған мемлекеттер олардың алынуы туралы мәселені қарайды.

- (40.3)– олар тараптары болып табылатын халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерін тиімді түрде жүзеге асырады және әйелдердің жағдайын жақсарту саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Найробийлік перспективалық стратегияларын жүзеге асыру жөнінде тиісті шараларды қабылдайтын болады;
- (40.4)– ер адамдар мен әйелдер үшін тек заңдық қана емес, мүмкіндіктердің іс жүзіндегі теңдігіне қол жеткізу, сондай-ақ, осы бағытта тиімді шараларды қабылдауға жәрдемдесу олардың мақсаты болып табылатынын растайды;
- (40.5)– әйелдердің жағдайын жақсартуда, олардың жағдайына бағдарламалар мен саясаттың ықпал етуіне баға беруді қамтамасыз ету үшін тиісті ұлттық тетікті құрады немесе нығайтады;
- (40.6)– саясат пен жұмысқа тұруда кемсітушіліктің болмауын, білім алу мен кәсіби даярлыққа тең қол жеткізілуін және еңбек етіп жүрген әйелдер мен ер адамдардың жұмыс пен отбасылық міндеттерін қатар атқаруын жеңілдетуді қоса алғанда, әйелдер үшін барлық экономикалық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды тиімділікпен қолдайтын болады; және құрылымдық қайта құруды қарастыратын кез келген саясаттың немесе бағдарламаның әйелдер үшін кемсітушілік салдарының болмауын қамтамасыз етуге ұмтылады;
- (40.7)– әйелдерге қатысты зорлықтың барлық түрлерін, әйелдермен сауда-саттық жасаудың барлық түрлерін және әйел жезөкшелігін пайдалануды, соның ішінде осыған ұқсас әрекеттер мен басқа да тиісті шараларға тиісті заңды тыйым салуды қабылдау арқылы әйелді кемсітушілікті болдырмауға ұмтылады;
- (40.8)– әйелдердің теңдігі мен саяси және қоғамдық өмірдің барлық салаларына сондай-ақ шешім қабылдау процестеріне, және жалпы халықаралық ынтымақтастыққа әйелдердің тең және кең ауқымды түрде қатысуына мүмкіндік туғызатын және жәрдемдесетін болады;
- (40.9)– Әйелдер және әйелдер ұйымдарының олардың құқығын дамыту мен кеңейтуге бағытталған, атап айтқанда, тікелей қызмет көрсету арқылы, сондай-ақ, үкіметтер мен көрсетілген ұйымдар арасындағы толыққанды әріптестікті қолдау мен жәрдемдесу

арқылы, әйелдердің көбірек теңдігін қамтамасыз етуді көздеп, ұлттық және халықаралық күш-жігер салаларында өмірлік маңызды рөл атқаратынын танытын болады;

- (40.10) – саяси, мәдени, қоғамдық және экономикалық өмірдің барлық аспектілеріндегі әйелдердің құнды үлесін танытын және осы үлестің, оның ішінде ресми емес және ақысыз секторларда анағұрлым кеңінен танылуына жәрдемдесетін болады;
- (40.11) – әйелдерге және олардың құқықтарына қатысты, халықаралық және мемлекетішілік құқыққа сәйкес, ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында шаралар қабылдайтын болады;
- (40.12) – конституциялық жүйелермен қабысатын білім саласындағы саясатты дайындау, дәстүрлі емес салаларды қоса алғанда, әйелдерді оқыту мен еңбек қызметінің барлық салаларына жәрдемдесу және ер адамдар мен әйелдердің теңдігіне қатысы бар мәселелерді анағұрлым толық ұғынуға мүмкіндік туғызу және жәрдемдесу;
- (40.13) – әйелдердің жағдайын тиісті түрде бағалау, бақылауға алу және жақсарту үшін көрсеткіштерді жинақтау мен олардың талдауын қамтамасыз ететін болады; бұл көрсеткіштерде ешқандай жеке сипаттағы ақпарат болмауы керек.

#### (41) Қатысушы-мемлекеттер

- (41.1)– мүгедектігі бар адамдардың адами құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге;
- (41.2)– осындай адамдардың қоғам өміріне толық көлемде қатысуына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға;
- (41.3)– оларға қатысы бар салаларда осы адамдардың шешім қабылдауға тиісті түрде қатысуына араласуына жәрдемдесуге;
- (41.4)– қызметтерді дамытуға және мүгедектігі бар адамдарды кәсіби және әлеуметтік оңалту жөніндегі әлеуметтік қызметкерлерді дайындауға жәрдемдесуге;
- (41.5)– мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық ғимараттар мен қызметтердің түрлеріне, тұрғын үй құрылыстарына, көлікке, мәдени өмірге және демалысқа қол жеткізуін қамтамасыз ететіндей қолайлы жағдай туғызуға

шешім қабылдайды.

(42) Қатысушы мемлекеттер

- (42.1)– адам құқықтары саласындағы білімнің негізге алынатындай маңызы бар екенін және осыған байланысты олардың азаматтарын адам құқықтары мен негізгі бостандықтарға, сондай-ақ, ұлттық заңнамада және өздері қатысушылары болуы мүмкін халықаралық шарттарда белгіленген осындай құқықтар мен бостандықтарды құрметтеу міндеттемелеріне қатысты оқу-ағартудың айрықша маңызды екенін растайды;
  - (42.2)– адам құқығы саласындағы тиімді білімнің төзімділікке, діни, нәсілдік және этникалық соқыр наным мен жеккөрушілікке қарсы, оның ішінде романдарға, ксенофобия мен антисемитизмге қарсы күресуге мүмкіндік туғызатынын таниды;
  - (42.3)– студенттердің барлық деңгейлері үшін, әсіресе құқық, басқару мен қоғамдық ғылымдарды оқитын студенттер, сондай-ақ, әскери және полиция оқу орындары мен мемлекеттік басқару институттарының оқушылары үшін адам құқықтары жөніндегі оқу бағдарламаларын, тиімді оқу жоспарлары мен курстарды дайындаумен айналысатын құзыретті органдарының осындай оқу материалдарын әзірлеуіне жәрдемдесетін болады;
  - (42.4)– ЕҚЫК-нің адами өлшемінің барлық ережелері туралы ақпаратты олардың оқытушыларына ұсынатын болады;
  - (42.5)– адам құқықтары саласындағы бағдарламаларды әзірлеу мен алмасуда ұлттық және халықаралық деңгейде ұйымдар мен оқу орындары арасындағы ынтымақтастыққа ынталандыратын болады;
  - (42.6)– адам құқықтары саласындағы білімді дамыту мақсатында жүзеге асырылатын іс-шаралар шеңберінде, анағұрлым кең мағынада, Біріккен Ұлттар Ұйымы және Еуропа Кеңесі сияқты халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес органдардың ынтымақтастық тәжірибесін, бағдарламалары мен нысандарын ескеруге ұмтылатын болады.
- (43) Қатысушы мемлекеттер тиісті ұлттық рәсімдерге сәйкес өздерін солай жариялаған ұйымдарды ҰЕҰ ретінде танитын болады және өз аумақтарында осы ұйымдардың еркін қызметі үшін жағдай жасауға жәрдемдесетін болады; осы мақсатта олар:

- (43.1)– ҮЕҰ және тиісті ұлттық органдар мен мемлекеттік мекемелер арасында қарым-қатынас пен пікір алмасу үшін жағдайды одан әрі жақсартуға мүмкіндік табуға тырысатын;
- (43.2)– адами өлшем саласындағы жағдайды бақылау мақсатында кез келген қатысушы мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдарының өздерінің елдеріне келуіне жәрдемдесуге тырысатын;
- (43.3)– атап айтқанда, адами өлшем саласының ЕҚЫК шеңберіндегі міндеттемелерді орындалуын тексеруді қоса алғанда, ҮЕҰ қызметін қуаттайтын;
- (43.4)– ЕҚЫК-нің адами өлшем саласындағы келешектегі қызметі кезінде ЕҚЫК адами өлшемінің шеңберіндегі олардың маңызды рөліне байланысты ҮЕҰ-ға пікірлерін өз үкіметтеріне және басқа да барлық қатысушы мемлекеттердің үкіметтеріне жеткізу мүмкіндігін беретін болады.
- (43.5) Адами өлшем саласындағы ЕҚЫК-нің келешектегі қызметі кезінде ҮЕҰ-ға барлық делегациялар арасында ЕҚЫК адами өлшемінің нақты проблемалары бойынша жазбаша түрдегі хабарламаларын таратуға мүмкіндік берілетін болады.
- (43.6) ЕҚЫК Хатшылығы жалпы таратылатын ЕҚЫК құжаттарын оларға ұсынуға қатысты ҮЕҰ-ның өтініштерін өздерінде бар ресурстар шегінде қанағаттандыратын болады.
- (43.7) адами өлшем саласындағы ЕҚЫК-тың келешектегі қызметіне ҮЕҰ қатысуын анықтайтын басқарушы принциптерге, атап айтқанда мыналар қосылуы мүмкін:
- (i) ҮЕҰ қажеттіліктері үшін кеңестердің өткізілу орындарында немесе оларға тікелей жақын жерде ортақ үй-жай бөлген орынды, сондай-ақ ақылға қонымды шекте және олардың есебінен фотокошірмелік техниканы, телефондар мен телефакстарды қоса алғанда, техникалық құралдарға қол жеткізуін қамтамасыз ету;
  - (ii) қол жетімділіктің ашықтығы мен рәсімдері туралы мәселе бойынша ҮЕҰ-ны уақтылы хабардар ету және жөн-жоба берген дұрыс;
  - (iii) бұдан әрі де делегацияларға ЕҚЫК кеңестерінде ҮЕҰ мүшелерін өз құрамына қосуды немесе шақыруды ұсынған жөн.



Қатысушы-мемлекеттер Хельсинкилік кеңеске келесі қадамдар шеңберінде осындай басқарушы принциптерді орнату туралы мәселені қарауды ұсынады.

- (44) Қатысушы мемлекеттердің өкілдері КСРО халқы мен үкіметіне Мәскеу кеңесін өте жақсы ұйымдастырғаны және осы Кеңес жұмысына қатысқан делегацияларға көрсетілген қонақжайлылық үшін өздерінің шексіз ризашылығын білдіреді.

Мәскеу, 1991 жылғы 3 қазан